

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы

Айдрамазанова Магруппия Нуралыевна

Тақырыбы: «Қотырбұлақ» кенорнын ашық әдіспен қазу жобасын жасау

Дипломдық жұмысқа

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В070700 – «Тау-кен ісі»

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ


Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Тау-кен ісі кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. докт., проф.

 С.К.Молдабаев

«__» _____ 2021 ж

Дипломдық жұмысқы
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы «Қотырбұлақ» кенорнын ашық әдіспен қазу жобасын жасау

5В070700 – «Тау-кен ісі»

Орындаған

Айдрамазанова Магруппия Нуралыевна

Ғылыми жетекші

к.т.н., ассоц.

профессор

 А.Е.Куттыбаев

«__» _____ 2021

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Тау - кен ісі кафедрасы

5B070700 – «Тау-кен ісі»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. докт., проф.

 С.К.Молдабаев

«__» _____ 2021 ж.

Білім алушы: Айдрамазанова Магруппия Нуралыевна

Тақырыбы: «Қотырбұлақ» кенорнын ашық әдіспен қазу жобасын жасау

Арнайы бөлім: Ұсату-сорттау фабрикасының тиімді технологиялық сұлбасын жасау

Университет ректорының «15» 02. 2021 ж. №315-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «28» 05. 2021 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгені: Геологиялық сипаттамасы, кен орындары, геологиялық карта.

Дипломдық жұмысқа қарастырылатын мәселелер тізімі

Кенорны туралы жалпы мәліметтер; Карьердегі тау-кен жұмыстары; Тау-кен бөлімі; Көліктің қабылданған түрін негіздеу; Ұсату-сорттау фабрикасының тиімді технологиялық сұлбасын жасау

Ұсынылған негізгі әдебиеттер:





- 1 Өндірістік практика бойынша есеп беру. – ҚазҰТУ АТКЖ каф., 2012.
- 2 Трубецкой К.Н., Краснянский В.В., Хронин В.В., Коваленко В.С. Проектирование карьеров. Учебник. М. Недра, 2009, 694 с.
- 3 Арсентьев А.И., Холодняков Г.А. Проектирование горных работ при открытой разработке месторождений. – М. Недра, 1994. - 336с.
- 4 Трубецкой К.Н., Потапов М.Г. и др. Справочник открытые горные работы. – М. Горное бюро, 2008.
- 5 Трубецкой К.Н., Потапов М.Г., Винницкий К.Е.и др. Открытые горные работы. Справочник М. Недра, 1994, – 590 с.
- 6 Анистратов Ю.И., Анистратов К.Ю. Технология открытых горных работ. – М. ООО «НТЦ «Горное дело», 2008. - 472 с.
- 7 Анистратов Ю.И., Анистратов К.Ю. Технологические процессы открытых горных работ. М. ООО «НТЦ «Горное дело», 2008. - 448 с.
- 8 Ракишев Б.Р. Вскрытие и системы открытой разработки Учебное пособие. Алматы КазНТУ, 2011, – 270с.

9 Ракишев Б.Р. Системы и технологии открытой разработки. Алматы НИЦ «Ғылым», 2003. – 328 с.

10 Ракишев Б.Р. Энергоемкость механического разрушения горных пород. - Алматы Баспагер, 1998. - 210 с.10 Бегалинов Ә., Зұлқарнаев Е.С., Қалыбеков Т., Сәндібеков М.Н. Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясы // Оқу құралы.- Алматы, 2012. - 296 б.

11. Елемесов К.К., Рысбеков К.Б., Саменов Г.К., Куттыбаев А.Е. Горные и транспортные машины открытых горных работ. Учебное пособие. Алматы. КазННТУ, 2018. – 220 с.

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Кен орнының геологиялық сипаттамасы	Куттыбаев А.Е. к.т.н., ассоц. профессор		
Жобаны жасауға арналған негізгі мәліметтер	Куттыбаев А.Е. к.т.н., ассоц. профессор		
Тау-кен және арнайы бөлім бойынша мәселелерді шешуге арналған теориялық негіздеу мен есептеу	Куттыбаев А.Е. к.т.н., ассоц. профессор		
Ұсату-сорттау фабрикасының тиімді технологиялық сұлбасын жасау (арнайы бөлім)	Куттыбаев А.Е. к.т.н., ассоц. профессор		
Норма бақылаушы	Шампикова А.Х. PhD докторы, лектор		

Тапсырма берілген мерзімі «24» 11 2020 ж

Ғылыми жетекшісі  Куттыбаев А.Е.

Тапсырманы орындаған білім алушы  Айдрамазанова М.Н.

Күні

«31» 05 2021 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс тапсырмасына сәйкес Қотырбұлақ кенорнын ашық игеруге қазу жобасы жасалды. Жұмыстың жалпы бөлімінде кенорны бойынша геологиялық жағдайы, тау-кен жұмыстары бойынша негізгі процесстерін жобалаумен жобалық шешімдерді техникo-экономикалық негіздеуерді камтитын тау-кен бөлімдері қарастырылды.

Дипломдық жұмыстың арнайы бөлімінде ұсақтап-сорттау фабрикасы бойынша тиімді технологиялық сұлбаларын жасау қарастырылды.

Аталған екі бөлімдерді есептеулер жүргізілді және оларға графикалық сызбалар келтірілді.

АННОТАЦИЯ

В соответствии с заданием на дипломную работу разработан проект разработки Котыр-Булакского месторождения на открытую разработку. В общей части работы рассмотрены горнорудные разделы, включающие геологическое состояние по месторождению, технико-экономическое обоснование проектных решений с проектированием основных процессов по горным работам.

В специальном разделе дипломной работы рассмотрено создание эффективных технологических схем по дробильно-сортировочной фабрике.

Произведены расчеты указанных двух разделов и приведены графические чертежи к ним.

THE SUMMARY

In accordance with the assignment for the thesis, a project for the development of the Kotyrbulakskoye field for open-pit mining was developed. In the general part of the work, the mining sections are considered, including the geological state of the field, the feasibility study of design solutions with the design of the main processes for mining operations.

In a special section of the thesis, the creation of effective technological schemes for a crushing and screening factory is considered.

The calculations of these two sections are made and the graphic drawings for them are given.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	10
1	Кен орнының геологиялық сипаттамасы	11
1.1	Кен орны бойынша жалпы мәліметтер	11
1.2	Кеніштің тау-кен геологиялық құрылымы	11
1.3	Гидрогеологиялық шарттары	12
1.4	Өндірілетін пайдалы қазбаның (құрылыс тасының) сапалы көрсеткіштері	12
2	Жобаны жасауға арналған негізгі мәліметтер	13
2.1	Карьер жағдауларының құлау бұрыштарын анықтау	13
2.2	Карьердің күнтізбелік жұмыс режимі. Аршу мен кен өндіру жұмыстарын ұйымдастыру	16
3	Тау-кен және арнайы бөлім бойынша мәселелерді шешуге арналған теориялық негіздеу мен есептеу	17
3.1	Кен орны нұсқауларындағы аршу жыныстарының көлемі және пайдалы кенбайлықтың өндірістік қоры	17
3.2	Карьерлік алаңды ашу	19
3.3	Қазу жүйесін таңдау және оның элементтерін есептеу	22
3.4	Бұрғылап жару жұмыстары	24
3.5	Жару жұмыстарының параметрлерін анықтау	29
3.6	Қазып-тиеу жұмыстары	31
3.7	Үйінділеу жұмыстары	36
3.8	Ұсату-сорттау фабрикасының тиімді технологиялық сұлбасын жасау (арнайы бөлім)	38
3.8.1	Ұсақтап -сорттау қондырғылары	39
4	Тасымалдау жұмыстары	43
4.1	Көлік түрін таңдау	43
4.1.2	Эксплуатациялық есептеулер	43
5	Алынған нәтижелерді талдау	44
6	Тұжырымдар мен ұсыныстар	45
	ҚОРЫТЫНДЫ	46
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	47

КІРІСПЕ

Пайдалы қазбаларды игеру және әр-түрлі қазаншұңқырларды қазу мақсатымен жер бетімен жасалатын жұмыстардың жиынтықтарын ашық тау-кен жұмыстары деп атаймыз.

Пайдалы қазбалы кенорындары ашық өндіру жұмыстарымен ашу және қазу жұмыстарының объектісі болып бөлінеді.

Сонымен қатар, ашық кен жұмыстарында кен-дайындау жұмыстары бөлек орын алады. Олар ашу және дайындау қазбалары жұмыстарын біріктіреді. Кенді дайындау жұмыстарының арнайы мақсаттары кенжарларға жеткізілетін көліктік жолдарды дайындаумен тау-кен жұмыстарының алғашқы шебтерін ұйымдастыру болып есептеледі.

Тау - кен жұмыстары процесстеріне таужыныстарын қазып алуға дайындау; қазыу-тиеу жұмыстарымен тау-кен массаларын тасмалдау, орындарын алмасытру; қоймалаумен үйінділер жасауды жұмыстары кіреді.

Карьер - ашық тау-кен жұмыстары нәтижелерінде пайда болатын қазындылардың жиынтығы. Әкімшілік-шаруашылық салаларындағы пайдалы кенорындарын ашық әдіспен қазыу-өндіруді іске асырып отыратын тау-кен кәсіпорындарын - карьер депте атайды.

1 Кенорнының геологиялық сипаттамасы

1.1 Кен орны бойынша жалпы мәліметтер

Қотырбұлақ кеніші Алматы қаласынан 12 шақырым жердегі, одан шығыс және оңтүстік-шығысқа қарай Іле Алатауындағы Қотырбұлақ шатқалының Қотырбұлақ өзені жағалауының оң жағалауы жағында орналасқан. Алматы қаласымен асфальтталған тасжолмен темір жолдар арқылы байланысқан.

Кенорнының геологиялық координаттары келесіде:

- 47°17¹ солтүстік ендікте; - 76°16¹ шығыс бойлық.

Кеніш әкімшілік жағынан Алматы облысы, Талғар ауданы, Калинин ұжымшарының жерінде орналасқан.

Кеніштің тау жақ бөлігінде жауын-шашын мөлшері мол болады. Жауын-шашынның көп мөлшері жаңбыр түрінде болып, оның 60-70% құрайды. Қыста жауған қар қалыңдығы жазықта 0,6 - 1м дейін, тау етегіндегі 2,5 - 3,5м, тауда 0,5 - 1,1м құрайды. Топырақтың тоңуы 0,5 - 1м. Кеніш ауданында желдің басым бөлігі оңтүстік-шығыс бағытынан соғады. Жылдамдығы 1,1 - 2,5 м/с.

Кеніш ортографиялық жағынан алғанда Тянь-Шанның солтүстігіндегі Іле Алатауының Жоңғар Алатауымен шектесетін тұсында орналасқан. Жоталардың орташа биіктіктері 3706 – 4001 метр.

Кіші және үлкен Алматы өзендері аталған аумақта 1001 – 1501 метр биіктікте ағады. Шығыс жағында Қотыр - бұлақ тау, батыс жағында Қара тұмсық тауы бар.

Кеніш Қотыр - бұлақ тауындағы Қотырбұлақ өзені бастауынан 5 шақырымдай қашықтықта орналасқан, таубаурайының еңістігі орташа есеппен 31 - 36°. Кеніштің орташа деңгейден жоғары көтерілуі 200 метр.

1.2 Кеніштің тау-кен геологиялық құрылымы

Қотыр – бұлақ карьерінің геологиялық құрылымы 3 түрлі литологиялық шөгінділерден тұрады.

1. Төменгі карбон эффузивті шөгінділері;
2. Мұз дәуіріндегі флювиогляционалдық шөгінділер;
3. Қотыр-бұлақтың ормандық саздық қабаттары.

Кеніштің орнының эффузивтік пайда болуы келесідей бөлінеді.

Кеніш кең көлемде дациттелген, линаритты-дацитты шөгінділермен орналасқан.

Құрамы бойынша фельзиттері бар порфирлы массаның құрылымы таужыныстарының текстурасы ірі флюидталған іздері кездеседі.

Кеніш қатардағы және технологиялық зертханаларда өткізілген сынақтар бойынша келесілерді көруге болады. Қотыр - бұлақ кенішінен алынған шикізаттар жалпылай алғанда «1400» маркасына сай келетінін көрсетеді. Ол өте жоғарғы көрсеткіш болып саналады. Кей - бір жерлерде сирек кездесетін

диориттелген порфириттер «1200» маркалы болып келеді. Аталған көрсеткіштер геологиялық барлау жұмыстарында да анықталған.

1.3 Гидрогеологиялық шарттары

Кенорнының гидрогеологиялық жағдайы қарапайым. Іздестіру жұмыстары барысында жерасты сулары кездеспеді. Кенішті суландыру тек атмосфералық жауын шашындар арқылы ғана жүзеге асуы керек.

1985–1989 ж.ж. жүргізілген гидрогеологиялық жұмыстар нәтижелеріндегідей жалпы өнеркәсіптік қорлардың көлемі 20 млн. м³ бағаланған. Жалпы жүргізіп келген геологиялық барлау жұмыстарының көлемдері 901,3 п.м 14 ұңғыма, көлемі 202,6 п.м. 13 шурф қазылған. Шурфтар бойынша бос таужыныстардың қалыңдықтары мен кеніштің көлемдерін анықтау бойынша қазылған.

1989 ж. көрсеткіштер бойынша кеніштегі құрылыс таужыныстары тастарының қорлары А+13+С өнеркәсіпті категорияларымен 10374 мың м³, С₂ өнеркәсіптік категориясы бойынша 115 мың м³ құраған.

1.4 Өндірілетін пайдалы қазбаның (құрылыс тасының) сапалы көрсеткіштері

Қотыр-бұлақ кенішінде жүргізілген сынақтар қорытындылары жинақталған таужыныстардың физика-механикалық қасиеттерімен бірегей. Кеніште өндірілетін құрылыстастарынан дайындалған уатылған тастарды цилиндрлерде сығуы арқылы сынақ алғанда олардың барлығы «1400» маркаға, ұсақталуы дәрежесі И - 1 маркасына сәйкес кеген, барлық физика-механикалық қасиеттері ГОСТ-тың шарттарын қанағаттандырған. Сондықтан «300» және «400» маркалы бетондарды толтырып отыратын материалға пайдаланады. Құрылыс тастарын ұсақтау процестерінде пайда болған ұсақ құмдары ГОСТ-8736-86 шарттарына сәйкес және олар ауыр бетондарды дайындауға ұсақтық толтырғыштары есебінде пайдалануға болады.

1.1 кесте - Кенішті құрайтын таужыныстардың физика-механикалық қасиеттері

Реті	Көрсеткіштер	аршылатын жыныстар	өндірілетін кен (құрылыс тастар)
1	Көлемдік массасы (т/м ³)	1,5-1,7	2,6
2	БСЖ, МПА	жұмсақ	956-218
3	S протодияты бойынша	-	12÷14
4	Кеуектілігі (%)		2,07
5	Суыққа шыдамдылық маркасы		М _{р3} -100
6	Шебенканың ұсату маркасы		1400
7	Тозу маркасы		И-1

2 Жобаны жасауға арналған негізгі мәліметтер

2.1 Карьер жағдауларының құлау бұрыштарын анықтау

Қазіргі заманғы өндірістің шарттарында карьердің пайдалы кен бойынша өнімділігі маркетинг нәтижелерімен сәйкес шикізаттың нарықтағы қолданылуы арқылы анықталады [1-4].

Карьердің жылдық өнімділігі жобалау тапсырмасына сәйкес 28 млн.т , ал аршу жыныстарының көлемі 78 млн. м³ құрайды.

Карьердің басты параметрлері деп оның келесі параметрлерін түсіндіреді:

- жұмыс істемейтін борттың еңіс бұрышы;
- карьердің соңғы тереңдігі;
- карьер түбінің өлшемі;
- карьердің соңғы контурларындағы пайдалы қазбаның қоры;
- карьердің соңғы контурларында аршу жыныстарының көлемі.

Карьердің соңғы контуры кен орнын немесе карьерді ашық әдіспен өндірудің осы кезеңінде анықталады.

Карьердің жұмыс жасамайтын жағдаулары құрылысымен параметрлері тұрақтылық және қажетті алаңдар орналасуының талаптарын қанағаттандыруы керек. Карьер жұмысын тоқтату кезінде жағдаудың көлбеу бұрышын 2-3° азайту аршудың алынатын көлемдерін және кенорынын игеруге жұмсалатын шығындарды елеулі көбейтуге әкеледі. Жағдаудың көлбеу бұрышын тұрақты қиябет бұрышымен салыстырғанда жоғарылату жыныс көшкіндері мен құлауын туындатады.

Карьер бойынша жұмыс жасамайтын жағдауының көлбеу бұрышы жағдаудағы қауіпсіздік бермамен көлік бермасының орналасуына мүмкіндік туғызуы қажет.

Карьердің соңғы жағдауларының бұрышы

$$\beta_e = \beta_a = \beta_v.$$

Жағдаулардың соңғы бұрышы

$$\beta_E = \arctg \frac{H'_K}{n_e \cdot h_e \cdot ctg\alpha + n_n \cdot b_n + n_o \cdot b_o}, \quad \text{әдәдә,} \quad (2.1)$$

мұндағы H'_K – карьердің қабылданған тереңдігі 130;

h_k – кемер биіктігі, 10 м;

α – кемер қиябетінің бұрышы, 72 град;

b_c – сақтандыру бермасы ені, 6 метр;

b_m – тасымалдау бермасы ені, 21 метр;

n_k – сәйкесінше карьер тереңдігіне сәйкес кемерлер саны;

n_c – сақтандыру бермасы сандары;

n_m – тасымалдау бермасы сандары.

$$\beta_i = \arctg = \frac{130}{13 \cdot 10 \cdot \text{ctg}72^\circ + 9 \cdot 6 + 4 \cdot 21} = 49^\circ, \quad \beta = 49^\circ.$$

Сақтандырумен тасымалдау бермаларының ендері тәжірибелік мәліметтердің негізінде алынады.

Карьер тереңдігіне келетін кемерлер саны

$$n_k = \frac{H'_k}{h_k} = \frac{130}{10} = 13 \text{ кемер.} \quad (2.2)$$

Сақтандыру бермасының сандары

$$n_c = 0,75 \cdot n_k = 0,75 \cdot 13 = 9 \text{ кемер.} \quad (2.3)$$

Тасымалдау бермасының сандары

$$n_m = n_k - n_c = 13 - 9 = 4 \text{ кемер.} \quad (2.4)$$

Жобаланатын карьердің соңғы контуры геологиялық пен тау-кен техникалық шарттарды ескере отырып, соңғы тереңдігі бойынша бекітіледі.

Соңғы контурдағы қорлар мен көлемдерін карьерлік қазудың соңғы контурындағы деңгейжиектерге бөліп, ондағы пайдалы кен мен бос жыныс көлемдерін табу арқылы анықтау ұсынылады.

Кен орнының берілген сипаттамасына байланысты деңгейжиектік көлем анықталады. Жобалау кезінде жоғарыда келтірілген кен орнының үш түрін қарастыру жеткілікті болғандықтан (тақта, тақта тектес сілем, дөңгелеңген сілем), берілген көлемдерді анықтаған кезде келесі қарапайым шарттар қабылданады:

шеңбер тектес сілем үшін рудалы дене көлбеу эллипс түрінде қабылданады, оның табаны m_a диаметрлі эллипс болып табылады.

$$m_a = \frac{m_e}{\sin \alpha} = \frac{70}{0,9511} = 73 \text{ м.} \quad (2.5)$$

Осыған байланысты карьер табанының енін 73 м деп қабылдаймыз.

Карьер табанының өлшемдері (l_m , b_m), карьер бойынша ақтық тереңдік белгісімен кенсілемінен алынатын бөліктерін контурлау негізінде анықталады. Олардың кіші өлшемдері төменгі кемерлерде таужыныстарды қазып алуға және тиеу бойынша қауіпсіздік шарттары негізімен анықталады: ені $b_m = 73$ метр, ұзындығы $l_m = 2000$ метр.

Карьердің жер бетіндегі өлшемдері

$$B_k = 2(H_k \cdot \text{ctg} \beta_k) + b_m = 2(130 \cdot \text{ctg} 49^\circ) + 73 = 386 . \quad (2.6)$$

$$L_{\epsilon} = 2(I_{\epsilon} \cdot \text{ctg}\beta_{\epsilon}) + l_{\delta} = 2(130 \cdot \text{ctg}49^{\circ}) + 2000 = 2313 \text{ м}, \quad (2.7)$$

мұндағы B_{κ} – карьердің жер бетіндегі ені, м;

L_{κ} – карьердің жер бетіндегі ұзындығы, м;

H_{κ} – карьердің тереңдігі, м;

β_{κ} – карьердің жағдауларының қиябет бұрышы, град.

«Қотыр-бұлақ» карьерінің жобасында пайдалы кеннің баланстық қоры мен аршу жыныстарының көлемін келесідей қабылдау қарастырылған

- пайдалы кеннің баланстық қоры: $C_{\alpha} = 25000000$ млн т;

- аршу таужыныстары көлемі: $V_{\text{адо}} = 88954155$ млн м³.

Жалпы карьерлік және эксплуатациялық жоғалымдарды ескере отырып өндірістік қорлар анықталады. Дипломдық жоба үшін жалпы жоғалымдар шамасы жуықтап 0,05 - ға тең қабылданады.

Анықталған көлемдер нәтижесінде орташа геологиялық және орташа өндірістік аршу коэффициенттерінің шамасы анықталады

$$K_{\text{нд.а.}} = \frac{V_i}{C_{\alpha}}, \text{ м}^3/\text{т}. \quad (2.8)$$

$$K_{\text{нд.іо.}} = \frac{V_i}{C_{\alpha} - \Pi}, \text{ м}^3/\text{т}, \quad (2.9)$$

мұндағы $V_{\text{адо}}$ – карьер бойынша соңғы контурдағы бос таужыныстар көлемі, м³;

C_{α} – карьердің контурындағы пайдалы қазбаның баланстық қоры, т (м³);

Π - пайдалы кеннің өндірістік жоғалымдары, т (м³).

$$K_{\text{нд.а.}} = \frac{88954155}{25000000} = 6,1 \text{ м}^3.$$

$$K_{\text{нд.іо.}} = \frac{88954155}{25000000 - 6\%} = 6,5 \text{ м}^3/\text{т}.$$

Карьердің жұмысжасауының мерзімін келесідей формула арқылы анықтаймын

$$\dot{O} = \frac{Z_{\alpha}}{A_{\alpha}} = \frac{25000000}{4992000} = 17 \text{ жыл}. \quad (2.10)$$

Карьер құрылысы мен рекультивация кезеңдерін ескере отырып, карьердің

жұмыс істеу мерзімін 17 жыл деп қабылдаймыз.

Аршу, кен өндіру және көмекші бөлімшелерде келесі режимдегі ұйымдастырулар қабылданған: 1) жұмыс режимі аптасына бес күн; 2) бір жылдағы жұмыс күндерінің саны – 263; 3) бір аптадағы жұмыс күндерінің саны – 5; 4) бір жылдағы мейрам күндерінің саны – 10; 5) бір тәуліктегі жұмыс ауысымдарының саны – 2; 6) жұмыс ауысымының ұзақтығы – 12 сағат.

2.2 Карьердің күнтізбелік жұмыс режимі. Аршу мен кен өндіру жұмыстарын ұйымдастыру

Өндірістік процесстерде қабылдап алынған технология мен құралдарға байланысты жұмыстардың көлемдері анықталады.

Карьердегі негізгі өндірістік процесстер: таужынысын қазуға дайындау; қазу–тиеу жұмыстары; таужынысын тасымалдау; аршу жыныстарын үйінділеу; пайдалы қазындыны қоймалау болып табылады [5-7].

Кенорнының тау-кен геологиялықпен тау-кен техникалық жағдайларды ескеріп аршу және кенөндіру жұмыстарын механикаландыруға келесідей сұлбалар қарастырылады.

Аршу және өндіру кемерлерін қазып алу кезінде ЭКГ-5А типті экскаватор пайдаланылады.

Тау-кен қазындысын тасымалдау автокөлікпен жүргізіледі. Аршыма таужыныстарды және пайдалы қазындыны қайта тиеу алаңына тасымалдау үшін жүк көтерімділігі 28 тонналық КамАЗ 5460 автоөзітүсіргіштері қабылданған.

Карьердегі үйінді жұмыстарының қызметін Т-330 типті бульдозер атқарады.

Жыныстың қаттылығы тікелей массивтен қазып алуға мүмкіндік бермейтіндіктен, тау жыныстарын қазуға дайындау бұрғылап-жару жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. 2СБШ-200-32 станогы бұрғылау жұмыстарына қолданылады. Ұңғымалар квадрат пішінді етіп орналастырылады. Ұңғыма тереңдігі кемер биіктігіне байланысты 7-13 м дейін өзгереді. Тау-кен массасын жару үшін гранулит-Э бойына су сіңірмейтін эмульция қолданады, өйткені ұңғымалар суланған күйде болады. Жару жұмыстары әр түрлі кезеңде дайындығына қарай әр деңгейжиектерде жүргізіледі.

Ұңғыманы оқтау МЗ-4А арқылы,оттыру құралдарын тасымалдау және жару жұмыстарын механикаландыру ЗС-1М типті машиналарын қабылдау арқылы жүзеге асады.

Аршыма жыныстарды сыртқы үйіндіге тасымалдау қарастырылған. Жоғарыда айтылғандай үйінділеу жұмыстарын Т-330 бульдозерлері жүргізеді. Үйінді карьердің батысында 400 м жерде орналасқан, үйінді екі қабатты, төменгі және жоғарғы қабатының биіктігі 20 м.

Көмекші жұмыстар ретінде негізгі жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін электрмен жабдықтау желілерін жылжыту, сақтандыру бермаларын тазалау және техникаларды жөндеу үрдістері жүргізіледі.

3 Тау-кен және арнайы бөлім бойынша мәселелерді шешуге арналған теориялық негіздеу мен есептеу

3.1 Кен орны нұсқауларындағы аршу жыныстарының көлемі және пайдалы кенбайлықтың өндірістік қоры

Техникалық жоба бойынша бірінші кезекті өндіру учаскесінің ені жер беті бойынша $B_6 = 386$ м, ал ұзындығы $L_6 = 2313$ м.

Карьердің контуры бойынша тау-кен жынысының жалпылай көлемдерін келесідей формула арқылы анықтаймын

$$V_k = S_a H_k + \frac{1}{2} P_d H_k^2 \operatorname{ctg} \gamma + \frac{\pi}{3} H_k^3 \operatorname{ctg}^2 \gamma, i^3, \quad (3.1)$$

мұндағы S_d – карьердің табаны ауданы;

P_d – карьердің табаны периметры.

$$V_k = \frac{1}{3} (73 \cdot 2000 + \sqrt{73 \cdot 2000 \cdot 386 \cdot 2313} + 386 \cdot 2313) \cdot 130 = 101754155 \text{ м}^3.$$

Карьер контурындағы пайдалы қазылымдардың көлемі

$$V_{i.E} = i (I_k - h_{AE}) \cdot L_{i.K}, \quad (3.2)$$

$$V_{i.K} = 73 \cdot (130 - 20) \cdot 2000 = 21900000.$$

Аршыма жыныстар көлемі

$$V_A = V_{тж} - V_{пк} = 101754155 - 21900000 = 79854155 \text{ м}^3. \quad (3.3)$$

Орташа аршу коэффициенті

$$\hat{E}_{i\delta\delta} = \frac{V_A}{V_{i\delta}} = \frac{79854155}{25000000} = 2,7 i^3 / i^3. \quad (3.4)$$

Тау-кен жұмыстары бойынша жылдық төмендеудің көрсеткіші арқылы карьердің пайдалы қазылымы өнімділігі төмендегі формуламен анықталды

$$A = h_i \cdot S_i \frac{(1-r)}{(1-\rho)} \cdot \gamma, \quad (3.5)$$

мұндағы h_i – карьер бойынша тау-кен жұмыстарының i -шы кезең

төмендеудің көрсеткіші,

$h_i=10$ метр деп қабылдап алдым;

S_i – i -ші кезең бойынша карьердегі жұмысшы алаңындағы пайдалы қазылым ауданы, m^2 ; $S_i=160000 m^2$;

γ – пайдалы қазба тығыздығы, t / m^3 ;

r – жер қойнауындағы пайдалы қазылым бойынша жоғалым;

ρ – пайдалы қазылым бойынша құнарсыздану.

$$A = 10 \cdot 160000 \cdot \frac{(1-0,05)}{(1-0,05)} \cdot 2,6 = 4992000 \text{ м}^3.$$

Карьердің аршу өнімділігі

$$A_{\text{арш}} = \frac{\dot{A}}{\gamma} \cdot \hat{E}_{\text{арш}}, \quad (3.6)$$

$$A_{\text{арш}} = \frac{4992000}{2,6} \cdot 6 = 7680000 \text{ м}^3 / \text{ж}.$$

Карьердің тау-кен жыныстары қоспаларының өнімділігі

$$A_{\text{тк}} = \frac{\dot{A}}{\gamma} \cdot (1 + \hat{E}_{\text{тк}}), \quad (3.7)$$

$$A_{\text{тк}} = \frac{4992000}{2,6} \cdot 3 = 5760000 \text{ м}^3 / \text{ж}.$$

Карьердің тәуліктік өнімділігі

а) аршу жыныстары бойынша

$$A_{\text{тк,арш}} = \frac{\dot{A}_{\text{арш}}}{N}, \quad (3.8)$$

$$A_{\text{тк,арш}} = \frac{5760000}{263} = 2920 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

ә) пайдалы қазылым бойынша

$$A_{\text{тк,қаз}} = \frac{\dot{A}}{N}, \quad (3.9)$$

$$A_{\text{о.і.Ė}} = \frac{4992000}{263} = 18980 \text{ м}^3 / \text{сут.}$$

мұндағы N – бір жылдағы жұмыс күндер саны.

Карьердің ауысымдық өнімділігі

а) аршу жыныстары бойынша

$$A_{\text{А.о.Ė}} = \frac{\dot{A}_{\text{Т.Ė}}}{n_a}, \quad (3.10)$$

$$A_{\text{А.о.Ė}} = \frac{29201}{2} = 14600 \text{ м}^3 / \text{сут.}$$

ә) пайдалы қазылым бойынша

$$A_{\text{А.і.Ė}} = \frac{\dot{A}_{\text{о.і.Ė}}}{n_a}, \quad (3.11)$$

$$A_{\text{А.і.Ė}} = \frac{18980}{2} = 9440 \text{ м}^3 / \text{сут.},$$

мұндағы n_a – тәуліктегі ауысым саны.

Карьердің жұмыс жасау мерзімі

$$T = T_K + \frac{V_{\text{і.Ė}} \cdot \gamma}{A} + T_i, \quad (3.12)$$

мұндағы T_K – карьерді салудың мерзімі, жыл;

T_Θ - карьердегі тау-кен жұмыстарының өшу уақыты, жыл.

$$T = 2 + \frac{25000000 \cdot 2,6}{4992000} + 2 = 17 \text{ жыл.}$$

3.2 Карьерлік алаңды ашу

Карьердің құрылысы басынан бастап пайдалануға беруге дейінгі құрылыс тау-кен жұмыстарының көлемдері орындалып отырылады. Оған күрделі оржолдарды, қима оржолдармен бастапқы аршуды қазып алу кіреді. Тау-кен жұмыстарын пайдалануға берген уақытта, жасалынып жатқан жұмыстардың қажетті жұмыс шебтерінің орындалуына кедергі келтірмеулері қажет, ал пайдалы қазбалардың қорлары қажетті өндірудің көлемдерін ұлғайтуымен

карьер бойынша белгіленген өндірістік қуатын қамтамасыздандыру керек [1-3, 8-10].

Көлбеу және күрт кенорнын қазып ашу жұмыстары кезінде жайпақ кенорындарындағы сияқты карьерді өндірілуге беруімен тоқтап қалмайды, ең ақырғы деңгейжиектерді қазып алғанғаша өндіру жұмыстарымен бірглесіп жалғасып отырылады. Олардың құрамдарына төмендегі жұмыстарда кіреді:

1) карьер бойынша тереңдете қазудың барысындағы жаңа деңгейжиектерді дайындап алу және ашу.

2) ашу горизонттарындағы байланыстық жолдардың дамып отыруы, жұмыс шебтерінің дамуы себебінен уақытша байланыствру жолдарымен қамтамасыздандыру, уақытша жолдарды тұрақты жолдарға алмастыру, жұмыс алаңдарымен байланыстырылатын күрделі жолдарды салу және тағы басқа.

3) ашу күрделі қазбаларын жаңа көлік түрлеріне өтуіне байланысты қайта жасақтап алу.

Оржолдың қызмет ету мерзімі және кеннің физика-механикалық қасиеттері оржолдың қиябет бұрышының тау-кен жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыздандыруына негізделген. Оржолды өтуге ЭКГ–5 А экскаваторын қабылданған.

Күрделі оржолдың ұзындығы

$$l_{k.o} = \frac{h_{k.o}}{i_p} = \frac{10}{0,08} = 125\text{ м} , \quad (3.13)$$

мұндағы h_k – кемер биіктігі;

$i_p = 0,08$ – оржолдың басқарушы еңістігі.

Күрделі оржол табанының ені

$$\hat{A}_m = B_a + \frac{1}{2}(B_a + L_a) , \quad (3.14)$$

$$B_m = 2,2 + \frac{1}{2}(3780 + 8,2) = 3788\text{ м} ,$$

мұндағы $B_a = 2,2\text{ м}$ – автоөзітүсіргіштің ені, м;

$L_a = 8,2\text{ м}$ – автоөзітүсіргіштің ұзындығы, м.

Күрделі оржолдың бетінің ені

$$\hat{A}_{e(\hat{a}\hat{o})} = \hat{A}_{\hat{a}.i\hat{c}} + 2 \cdot \hat{I}_o \cdot ctg\alpha_o = 28 + 2 \cdot 10 \cdot ctg72^\circ = 33\text{ м} , \quad (3.15)$$

мұндағы $\hat{A}_{\hat{a}.i\hat{c}} = 28\text{ м}$ – күрделі оржол табанының ені;

$\hat{I}_o = 10\text{ м}$ – кемер биіктігі;

$ctg\alpha_o = 72^\circ$ – кемер қиябетінің бұрышы.

Жолдың ұзындығы

$$l_{p.t} = \frac{H_k}{i} = \frac{130}{0,08} = 1625\text{ м}, \quad (3.16)$$

мұндағы $i = 0,08$ – басты еңістік.

Күрделі оржолдың көлемі

$$V_{kt} = \frac{H_y^2}{i_p} \left(\frac{B_{ko.іғ}}{2} + \frac{I_{\acute{o}}}{3 \cdot tg\alpha} \right) = \frac{10^2}{0,08} = \left(\frac{28}{2} + \frac{10}{3 \cdot tg72^{\circ}} \right) = 18612\text{ м}^3. \quad (3.17)$$

Тілме оржолдың көлемі

$$V_{pt} = S_{pt} \cdot l_{pt} = 282 \cdot 125 = 35250\text{ м}^3, \quad (3.18)$$

мұндағы $S_{pt} = 282\text{ м}^2$ – тілме оржолдың көлденең қимасының ауданы;

$l_{pt} = 125\text{ м}$ – тілме оржолдың ұзындығы.

$$S_{pt} = (B_{\acute{o}.іғ} + I_{\acute{o}} \cdot ctg\alpha) \cdot H_y = (28 + 10 \cdot ctg72^{\circ}) \cdot 10 = 282\text{ м}^2. \quad (3.19)$$

Күрделі оржолды өту уақыты

$$t_{\acute{e}\acute{o}} = \frac{V_{\acute{e}\acute{o}}}{Q_{y\acute{e}\acute{n}} - \frac{Q_{y\acute{e}\acute{n}} \cdot 20}{100}} = \frac{18612}{332 - 66,4} = 167\text{ с} \approx 2\text{ мін} \approx 2\text{ мін} \approx 2\text{ мін}, \quad (3.20)$$

мұндағы $V_{\acute{e}\acute{o}} = 18612\text{ м}^3$ – күрделі оржолдың көлемі;

$Q_{y\acute{e}\acute{n}} = 332\text{ м}^3/\text{с}$ – экскаватордың пайдалану өнімділігі.

Тілме оржолды өту уақыты

$$t_{\acute{o}i} = \frac{V_{\acute{o}i}}{Q_{y\acute{e}\acute{n}} - \frac{Q_{y\acute{e}\acute{n}} \cdot 20}{100}} = \frac{35250}{332 - 66,4} = 283\text{ с} \approx 12\text{ мін} \approx 12\text{ мін}, \quad (3.21)$$

мұндағы $V_{\acute{o}i} = 35250\text{ м}^3$ – тілме оржолдың көлемі.

3.3 Қазу жүйесін таңдау және оның элементтерін есептеу

Кенорнын ашық игеру жүйесі деп – тау-кен күрделі, аршу және өндіру жұмыстарының белгілі бір тәртібін түсінеді. Бұл ретте қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды сақтай отырып, пайдалы қазбаның кондициялық қорларының қауіпсіздігі, үнемділігі, өндірістік және толық алу талаптары қандай да бір жүйені қолданудың ажырамас шарты болып табылады.

Кенорнының қазу жүйесін дұрыс таңдау қауіпсіз қазуға, экономикалық және кенорнының қорын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ашық тау-кен және аршу жұмыстарын жүргізу тәсілдері, үйіндіге тау жыныстарын жеткізу тәсілдері, қолданылатын жабдықтардың сыныптамаларын таңдап алу басты және маңызды.

«Қотыр-бұлақ» кенорнындағы таужыныстар сыртқы үйінділерге тасымалдаға көліктік қазу жүйесі қабылданып алынды. Кемердің биіктігі 10 метр, ол карьер өнімділігімен тау-кен құралдары бойынша технико-экономикалық жағдайды қамтамасыздандырып тау-кен жұмыстары қауіпсіздігіне жауап береді.

«Қотыр-бұлақ» карьеріндегі кенденесі күрт-құлама, осыған орай ағымды аршу коэффициентін азайту мақсатында екі жағдаулы терендетіп қазу жүйесін қабылдады. Жұмыс алаңының минималды ені 30 метр, ол технологиялық құралдардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыздандырады.

Қабылданып алынған қазу жүйесі ол тау-кен жұмыстарының жылына 7-10 метр шамасына терендеуін қамтамасыздандырады. Ол жұмыстың ырғақты жұмыс жасауы карьердің жоспарлық қуаттылығын қамтамасыз етіп отырады.

Қопсытылған таужыныстарының ені таужыныстың физика механикалық қасиеттеріне, АЗ көлемдеріне, зарядтардың орналасуына, кемер биіктігімен жару реттілігіне байланысты өзгереді.

Қазу жүйесінің элементтеріне кемер биіктігі, жұмыс алаңы, кемердің және карьердің жұмыс шебі жатады.

Н.В. Мельников формуласымен кемер биіктігі

$$h = 0,7 \sqrt{\frac{\sin \alpha \cdot \sin \beta}{kh^1(1 + h^{11}) \sin(\alpha - \beta)}}, \quad (3.22)$$

мұндағы α – кемер жағдауының бұрышы, 72° ;

ρ – қопарындының жағдау бұрышы, 39° ;

k – қопсыту коэффициенті, 1,4;

h^1 – кемер сызығының кемер биіктігіне қатынасы;

h^{11} – ұңғымалардың арақашықтығының кедергі сызығына қатынасы;

$a = 0,8(R_{\pm} + R_{\rho})$ -қопарылғаннан кейінгі қопсыманың ені,

$$a = 0,8(18,4 + 16,3) = 27,8 \text{ м} ,$$

мұндағы R_{\pm}, R_{ρ} – экскаваторлардың тиеу және төгу радиусы; $R_{\pm} = 18,4 \text{ м} ,$
 $R_{\rho} = 16,3 \text{ м}$

$$h = 0,7 \cdot 27,8 \sqrt{\frac{\sin 72^{\circ} \cdot \sin 39^{\circ}}{1,4 \cdot 0,55(1 + 0,80) \sin(35^{\circ} - 35^{\circ})}} = 10 \text{ м} .$$

Кемердің биіктігін 10 метр деп қабылдап алдым.

Жұмыс шебтерінің жылжу жылдамдығы ол құрал жабдықтың қуаттарына, кенқабаттарының қалыңдықтарына, карьер өнімділігіне және де басқа факторларға байланысты. Жұмыс шебінің жылжу жылдамдығы

$$V_r = \frac{12 \cdot Q_{\text{эк}} \cdot i}{L_{\phi} \cdot I_{\epsilon}} ; i / \text{с} \cdot \text{м} , \quad (3.23)$$

мұндағы $Q_{\text{эк}}$ – экскаватордың айлық өнімділігі, $164736 \text{ м}^3 / \text{ақ} ;$

I_{ϵ} – кемердің биіктігі, 10 м;

L_{ϕ} – жұмыс кемерінің шебінің ұзындығы, 420 м;

i – кемердегі экскаваторлар саны, 2.

$$V_k = \frac{12 \cdot 164736 \cdot 2}{420 \cdot 10} = 575 \text{ м} / \text{с} .$$

Өндірілетін кемерлердің сандары

$$N_{\theta} = \frac{\mu}{\emptyset_{\text{ф.а.а.}} + h_k (\text{ctg} \alpha + \text{ctg} \beta)} , \quad (3.24)$$

Мұндағы: μ – кен сілемі бойынша горизонталь қуаты, м;

$\emptyset_{\text{ф.а.а.}}$ – жұмыс алаңы ені, метр;

α – кемер жағдауының бұрышы, $72^{\circ} ;$

β – кен сілемінің жату бұрышы, $70^{\circ} .$

$$N_{\theta} = \frac{80}{48 + 15(0,36 + 0,57)} = 1,06 .$$

1-кемер деп қабылдаймыз.

Жұмыс алаңының енін былай анықтаймыз

$$B_{\text{е.а}} = B_{\text{о.еі}} + \hat{A}_{\text{ае}} + Z. \quad (3.25)$$

$$\hat{A}_{\text{е.а}} = 30 + 15 + 3 = 48 \text{ м.}$$

мұндағы $B_{\text{ж.а}}$ - тау-кен массасының қопарылу кезіндегі ені, 30 м;

Z - қауіпсіздік алаңының ені, 3 м;

$B_{\text{ак}}$ -көлік жолының ені, 15 м.

3.4 Бұрғылап жару жұмыстары

Бұрғылап жару жұмыстары негізгі технологиялық процесс бола отырып, барлық тау-кен жұмыстарының технологиялық процестерінің көрсеткіштеріне, сонымен қатар кеніштің техникo-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді.

Бұрғылап жару жұмыстарын жүргізу үшін ең алдымен бұрғылап жару жұмыстарының паспорты жасалынады. Ұңғыларды бұрғылау жобасы бұрғылау жұмыстарын жүргізер алдында 2-3 күн бұрын жасалады. Бұрғылау жұмыстарының жобасы мынадай негіздемелерге сүйене отырып жасалады:

- бұрғылап жару жұмыстарының типтік жобасы; жарылатын блоктың толық геологиялық және гидрогеологиялық мәліметтері;
- блоктың маркшейдерлік түсірілімдерге сәйкес графикалық материалдары;
- «Бұрғылап жару жұмыстарын жүргізу ережесі»;
- алдыңғы жару жұмыстарының мәліметтері.

Тау-кен массасының ұсақталу сапасы карьердегі тиеме-көліктік жабдықтардың тиімді жұмыстарына әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Бұрғылап жару жұмыстарының тиімділігін жоғарылатудың резерві АЗ кенжарларда орналасуымен жару әдістеріне байланысты [9-11].

Тау-кен массасының керекті ұсақталуының дәрежесі бұрғылап жару жұмыстарының параметрлерін, оның бұрғыланатын блоктың физика-механикалық және құрылымдылық қасиеттерінің қолдану мүмкіндігі болып табылады.

Таужыныстарының қаттылықтары ұңғыманы бұрғылау әдісін таңдағанда басты көрсеткіш ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда жару ұңғымаларын бұрғылағанда шарошкалы бұрғылау әдісі қолданылады. Осы бұрғылау әдісінің артықшылығы бұрғылау үрдісінің үздіксіздігі, жоғары өнімділігі, бұрғылау үрдісін автоматтандыру жағдаймен құрылымының қарапайым болуы және сенімділігі. Бұрғылау жұмыстары өндірісіне 2СБШ *200Н станогын таңдап алдым.

Жарылу тізбегі дүмпіткіш пілтенің (ДП) екі желісінен жасалынады. Жарылмай қалудың алдын алу үшін сақиналы екілік желі қолданылады. Суланған ұңғымаларда полиэтиленді жең немесе суға төзімді ДПЭ-12 маркалы жарылғыш заттар қолданылады. 18 м-ден жоғары тереңдіктегі ұңғымаларда артық бұрғыланған ұңғымалардың сулануы есептелінеді. Бақылаушы

өлшеулерден кейін, ұңғыма түбінен 3 м аралықта Т-400 маркалы екі тротил шашкаларынан тұратын боевик қойылады, оның ішіне ДП төрт желісі кіреді. Заряд коммутациясы бойынша боевиктердің желісін ұңғыма аузынан 50 см биіктікте жалғанады.

Заряд коммутациясының сұлбасы диагональді түрде болады. Зарядтар тобы диагональ бойынша кемер бетінде 45° квадрат тор түрінде жалғанады, мұндай зарядтардың орналасу түрі оржолдарды жару кезінде тау-кен жыныстарының үйілмесінің енін азайтуға мүмкіндік береді.

Сейсмикалық әсерлерді азайту үшін қысқа тежегішті жарылыс түрлері қолданылады 20, 35, 50 мил.сек.

Қотырбұлақ кенорнында бұрғылау жұмыстарын жүргізуге 2СБШ - 200Н бұрғылау станогын қолдандым.

Таужыныстарының бекемдіктеріне байланысты бұрғылау станогы таңдлып, бұрғылайтын ұңғымалардыңның диаметрі анықталды

$$D_{\phi} = d_{\text{А}} \cdot \hat{E}_{\phi\phi}, \quad (3.26)$$

мұндағы $d_{\text{Д}}$ – долотоның диаметрі, м;

$K_{\text{чк}} - 1,05$ бұрғылау кезіндегі ұңғыманың кеңейетін коэффициенті;

$$D_{\phi} = 0,244 \cdot 1,05 = 0,2562 \text{ м} .$$

Кемер табаны бойындағы кедергі сызығын анықтау

Орташа қопарылатын тау жыныстарында

$$W = (35 - 40) \cdot d_{\phi}, \quad (3.27)$$

$$W = 35 \cdot 0,2562 = 10 \text{ м} .$$

Кемерді қауіпсіз бұрғылауды қанағаттандыратын шарты бойынша анықталған табанының бойындағы кедергі сызық арқылы тексереміз

$$W_{\text{min}} = h_{\text{к}} \cdot \text{ctg}\alpha + c, \quad (3.28)$$

мұндағы $h_{\text{к}}$ – бұрғылау кемерінің биіктігі, м;

α – кемердің беткей бұрышы, град;

c – ұңғыманың осінен кемердің жоғарғы жиегіне дейінгі минималды қауіпсіз арақашықтық, м.

$$W_{\text{min}} = 10 \cdot \text{ctg}72^\circ + 3 = 8,5 \text{ м} .$$

Ұңғының құлама бұрышын оның табанының бойындағы кедергі сызығына

байланысты табамыз

Егер $W \geq W_{\min}$ болса ұңғы тік бұрышпен бұрғыланады;

$W \leq W_{\min}$ болса – ұңғының бірінші қатарын көлбеу бұрғылаймыз, әдетте $\beta_{\gamma} = \alpha$. Сонымен қатар, ұңғыны бұрғылау мүмкіндігіне байланысты, бұрғылау станогының дұрыс таңдалуын тексереміз.

Егер W_{\min} есептік шамасы шектік есептік шамасынан көп болса, ұңғыманың диаметрін үлкейтуге мүмкіндік болса немесе көлденең бұрғылау қолданылса, онда ұңғыларды (4-6) $d_{\text{зәр}}$ қашықтықта жақындатамыз. Сапалы ұсатуға қол жеткізу үшін орташа категориялы жыныстарды жару кезінде ұңғылар арқашықтығы W - ға тең болуы керек.

Келесі шарттан ұңғы торының параметрлерін тағайындаймыз:

а) қатардағы ұңғылар арасындағы қашықтық


$$a = m \cdot W, \quad (3.29)$$

мұндағы m – ұңғының жақын орналасу коэффициенті

$$a = 1 \cdot 8,5 = 8,5 \text{ м}.$$

ә) ұңғылар қатарының арасындағы қашықтық:

$b = a$ – ұңғылар квадратша орналасқанда.



3.1 –сурет. Бұрғылап жару жұмысының сұлбасы

Бұрғылау блогының параметрлерін есептеу

а) бұрғылап жару блогының ені

$$B_{\text{дд}} = W + (n - 1) \cdot b, \quad (3.30)$$

$$B_{\text{дд}} = 8,5 + (2 - 1) \cdot 8,5 = 18 \text{ м} ,$$

Мұндағы: W – кемер табанындағы кедергісі сызығы, метр.
 π – ұңғымалардың қатарлары сандары;
 b – ұңғымалардың қатар арасындағы қашықтық, метр.
Төмендегі шарт бойынша блок көлемін есептеймін

$$V_{\text{ээ}} = Q_T \cdot A, \quad (3.31)$$

мұндағы Q_T – экскаватордың тәулік өнімділігі, м^3 ;
 $A = 15$ тәулік (автокөліктерге тиегенде).

$$V_{\text{ээ}} = 7488 \cdot 15 = 112320 \text{ м}^3.$$

ә) бұрғылап жару блогының ұзындығы

$$L_{\text{ээ}} = \frac{V_{\text{ээ}}}{\hat{A}_{\text{ээ}} \cdot h_{\text{к}}}, \quad (3.32)$$

